

# ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ӘДЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекеттік тілді жетік білу – өркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Өрбір жас азамат ана тілімен қатар мемлекеттік тілді де білу, үйрену мен тіл мәдениетін арттыруды бүкіл саналы ғұмырының әрекеті деп түсіну керек. Егер айтылған ой жігерлі, жалынды жастың аузынан шығып, нысанаға дәл тиіп жатса, тілдің құдіреті сонда байқалады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Рауан Көнжешанұлымен кездесуі барысында «...өртүрлі әлеуметтік топтардың, оның ішінде жастардың арасында тіл тазалығын сақтау үшін оқу және жазу сауаттылығын арттыруға арналған шаралардың қажеттілігіне» ерекше тоқталған болатын.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістер рухани-адамгершілік білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеруде. Осыған орай, қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан көмелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту көзделеді. Өйткені өліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты.

Әр жасөспірімнің қалыптасып дамуына өзі күнбе-күн өмірден сезінетін, еститін, көретін, кездесетін заттары мен құбылыстары, оқиғалары үлкен әсер етеді.

Өкінішке орай, жастар күнделікті өмірде әлеуметтік жаргондарды, аймақтық диалектілерді, басы артық қыстырма сөздерді жиі қолданып жатады. Сөйлеу сәттерінде өзге тілдің

бірер сөздерін қыстырып сөйлеу де аз емес. Бұл соңғы кездері қалыпты жағдайға айналып бара жатыр. Олардың бейнебір дөнекер сөздер, әлде сәндік айналымдағы сөз орамдар екені белгісіз. Орынды, орынсыз пайдаланылады. Бұл тіл шұбарлаудың бірер көрінісі ғана.

Сөз мәдениетінің басты талабының бірі – тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын талғам елегінен өткізіп, әдеби тілге енгізу. Ал оның негізгі мақсаты – әдеби тілде барды дұрыс таңдап, талғап сөйлеуге, жазуға, сауаттылыққа үйрету, оқушылардың сөйлеу мәдениетінің сапасын жоғары сатыға көтеру болмақ.

Сөйлеу мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы. Сіздің сөзіңізге қарай кім екеніңізді бағалайды, өйткені сөйлеу сөйлеушінің өркінен тыс оның болмысын көрсетеді, тұлғасын ашады. Тілдік қатынаста тілдесушілердің адамгершілік сезімі тапталмауға, қоғамдық, моральдық-этикалық принциптері бұзылмауға тиіс. Сөз мәдениеті жалпы мәдениеттің ажырамас бөлшегі екені анық. Адамның сөйлеуі – сөйлеушінің қандай ортада өскенін, кіммен араласатынын, білімі мен білігін, әдеби мен мәдениетінің деңгейін анық көрсететін ерекше

өлшем болып табылады.

Тілдік қарым-қатынастың белгілі бір жағдаятына қарай, сөз саптау этикасын сақтай отырып, коммуникативтік мақсатқа тиімді түрде жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей тілдік құралдарды талғау, саралау, олардың басын қосып, біріктіруде әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормалары негіз болады.

Тілдік нормаларға орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексика-фразеологиялық норма, грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік), стилистикалық нормалар жатады. Сөз этикасының нормасына а) моральдық принциптерге, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген тілдесу нормалары мен ә) сөз этикетінің нормалары жатады. Коммуникативтік нормаларға тілдің функционалдық ерекшеліктеріне тән нормалар мен қарым-қатынастың прагматикасына тән нормалар жатады. Коммуникативтік ситуация, тілдік емес факторлар – сөз талғауға, олардың басын құрап, сөз саптауға тікелей әсер ететін аса маңызды шарттар.

Адам мәдениетінің сыртқы көріністерінің бірі – оның сөйлеу мәнері. Сөз этикасы – дүниетанымдық компоненттерден, этикеттік компоненттерден және эстетикалық элементтерден тұратын күрделі құрылым. Сөз этикасының дүниетанымдық бөлігі адамзаттық құндылықтар жөніндегі

ұғым, түсініктерден тұрады. Тілдік тұлғаның сөз әрекеті адамгершілік, ар-ұят, жауапкершілік, парыз, ізгілік, мейірімділік, әділдік, шыншылдық, ақиқат тәрізді жалпыадамзаттық құндылық принциптеріне бағынады. Сөз этикасының этикеттік бөлігі байланыс орнату, байланысты жалғастыру, байланысты аяқтау тәрізді қарым-қатынас тәртібінің ережелерін білу, сол ережелерді коммуниканттың мәртебесіне сай, қарым-қатынастың ресми/бейресми жағдаятында іс жүзінде қолдануға тірек-таяныш болады. Үлкенді сыйлау, құрметтеу, сөйлеушінің сөзін бөлмеу, сөйлеушінің тыңдаушыны назардан тыс қалдырмауы, өзін төмен ұстауы, мадақ сөзден қашуы т.б. тәрізді ұлттық сөз саптау дәстүріндегі талаптар сөз этикетінің негізгі ұстанымдары.

Қатынас тақырыбы түсінікті, орынды және қызықты болғаны дұрыс. Үйде, жұмыста әртүрлі мәселе әңгіме тақырыбына айнала береді, әртүрлі пікірлерді қысылмай айта беруге болады. Ресми іскерлік әңгімелер барысында тақырыптан ауытқу, не әріптесіңіздің мақсат-мүддесін, сырын, жұмыс бағытын білмей тұрып, не болса соны сөйлеу өте орынсыз. Әңгіме кезінде әртүрлі ишара, ым, қимылдарды орынды, әрі дұрыс пайдаланған жөн.

Сөйлеу – адамның ойы мен сезімін білдіреді. Айқын сөз ойға қанат бітіреді, жүрекке от салады, жанды қайта тәрбиелейді. Жұпыны сөз бен әсерсіз сөйлеу тіпті тамаша идеяның өзін жер қылуы мүмкін.

Тілдік оралымдарды пайдалану барысындағы әдептілік әңгімелесушімен екі арадағы алғашқы ыңғайсыздықты жою, өзара түсіністікке жету немесе жақсы іскерлік, не адами қатынас орнату үшін қажет. Тілдегі әр алуан құбылыстарды дұрыс танып, оны шама-шарқынша түсіндіре білу, олар жайында өзгелермен пікір алмасу адамның ой-өрісін кеңейтеді, тіл байлықтарын дамытуға әсер етеді. «Сөйлей білген ойлай біледі, сөйлесе алған өзгелермен үйлесе алады», – дейді белгілі тіл маманы М.Балақаев.

Жастардың сөйлеу мәдениетінің қалай қалыптасып келе жатқаны баршамаңызды алаңдатуы керек. Себебі аралас тілде сөйлеп, дөрекі жаргондарды пайдаланатын жастар болашағы бұлыңғыр. Ал біз олардың елін, жерін сүйетін, ана тілін, дәстүрді құрметтейтін азамат болып өсуіне ықпал етуіміз керек.

Сабақ барысында жүргізілетін іскери-этикалық қатынас туралы тапсырмалар студенттерді өз күші мен мүмкіндігіне сенуге, өрбір адам үшін «адамгершілік», «ізгілік» ұғымдарының маңыздылығын түсінуге көмектесе отырып, ұлкен өмірге адамгершілік, рухани жағынан қалыптасқан азаматтар ретінде қадам басуға тәрбиелейді. Ал мұның өзі ұстаздар мен білім беру саласы қызметкерлерінен әр білім алушының азамат ретінде сезінуіне ықпал етіп, өзін толық іске асыруына, өзінің әлеуметтік ролі мен өмірлік мұратының мөнін ұғынуына, интеллектуалдық өлеуетін көтеруге және өрбір жеке тұлғаның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету ісінде үлкен ізденіс пен терең шығармашылықтың болуын талап етеді.

**З.А.Заурбекова,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжінің оқытушысы**